

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының жылғы 1 қарашадағы №131 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 145 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 281- бабының 9-тармағына, 282-бабының 4-тармағының үшінші абзацына және 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы " Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы су кемелерімен керек-жарақтар ретінде өткізілетін бункерлік отынның мөлшерлік нормаларын айқындау туралы" №131 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 281-бабының 9-тармағына, 282-бабының 4-тармағының үшінші абзацына және 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**";

б) 1-тармақтың бірінші абзацындағы "Кеден одағы Кеден кодексінің 50-тарауының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 39-тарауының" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) 4-тармақ қазақша мәтінде "Баутино" деген сөзден кейін ", Құрық" деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян